



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

2.5 Аударманың теориясы мен тәжірибесі

ӘОЖ 81'373.7=111=512.122.

ӘРТИПТЕС ТІЛДЕРДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы

nazerke_04_92@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Аударма ісі тобының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Сәтенова

Тіл – ғасырлар жемісі, халық мұрасы, ұлттық қазына. Халық өміріндегі тарихи бел-белестер, ұлы өзгерістер сыры ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы жетеді. Ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіші – көркем әдебиеттің де шынайы болмысы, шеберлігі оның тілі арқылы көрінеді. Ал осы тілдің бейнелілігін, байлығын арттыра түсетін сөздік қордың ауқымды бөлігі – фразеологизмдер болғандықтан, әлем жұртшылығы ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаған бүгінгі таңда әдеби тілдің фразеологиялық қорын зерттеудің теориялық және практикалық жағынан да өз негізі бар.

Фразеологизмдер – тіл қазынасының байырғы да құнарлы қабатына, көркем сөз қорының сүбелі саласына жататын сыры мол, мазмұны терең, қолданыс аясы кең құбылыс. Мысалы: ‘suit the action to the word’ – сөзді іспен дәлелдеу, ‘beat it on the hoof’ – қара жаяу, жаяу жүру, ‘to eat one’s words’ – өз сөзін қайтып алу, ‘to make advances’ – келісімге бару, ‘to take advantage’ – алдау, пайдалану, ‘to win smb’s affection’ – біреудің көңілінен шығу, біреудің көңілін табу, ‘to be afraid of one’s shadow’ – барлық нәрседен қорқу, өз көлеңкесінен қорқу.

Фразеологизмдердің тіл білімінен ерекше орын алып, көптеген ғылыми зерттеулердің объектісі болуының себебі, біріншіден, олардың сан жағынан көптігі, екіншіден, тілдегі қолданыс аясының кеңдігі, үшіншіден, мазмұн-тақырып жағынан ауқымдылығы және, төртіншіден, тіл практикасында жиі кездесуі. Фразеологизмдер сонымен қатар барша рухани өмірдің байлығын жан-жақты сипаттауда да ерекше қызмет атқарады.

Бүгінгі таңда адамзат тарихының шексіз өрлеп, кемелденген заманында, мәдениет пен өнер, саясат пен тіл салаларында халықаралық қатынастың дамып, жанданған уақытында салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі өзекті де көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Тілдерді салыстыра –салғастыра зерттеу әр тілдің өрнек бояуын, ұлттық ерекшелігін, қайталанбас қасиетін танып білуге жол ашады. Осындай зерттеулер мәдениетаралық қатынастың төрінен орын алып, халықтардың бір-бірімен түсінісу барысын жүзеге асыруға кеңінен ат салысады.

Еліміз егемендік алып, әлемдік өркениет биігіне ұмтылып отырған заманда, жоғары дамыған Еуропа елдерімен саяси, экономикалық, мәдениаралық қарым-қатынастың дамып отырған уақытында – қазақ тілін Еуропаның беделді тілдерінің бірі ағылшын тілімен салғастыра зерттеу – баға жетпес құнды дүние.

Соңғы 10-15 жыл ішінде қазақ тілі фразеологиясын герман (неміс, ағылшын) тілдері фразеологиясымен салғастыра зерттеуге арналған бірталай жұмыстар жарық көрді (Г. Карбозова, Ш. Арғынғазина, Ф. Оспанова, А. Молдасанова, Г. Қапышева, Р. Атаханова, Т. Мықтыбаева және т.б.).

Бірі түркі, бірі герман тілдері тобына жататын қазақ және ағылшын, қазақ және неміс тілдерінің тілдік, ұлттық мәдени ерекшеліктерін түрлі тілдік бірліктер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер бойынан тауып, олардың бір-біріне ұқсастық немесе бір-бірінен айырмашылық дәрежесін анықтауға, ұлттық нақышты тереңірек түсінуге талпынған ғылыми еңбектер баршылық, дегенмен шешімін таппаған мәселелер де жоқ емес. Осындай негізгі мәселелердің біріне қазақ және герман тілдеріндегі фразеологизмдерді қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары мен ұстанымдары негізінде салыстыра-салғастыра зерттеу жатады.

Тіл бірліктерін «этнос (адам) – тіл – мәдениет» үштігіне сүйеніп зерттеу үрдісі тіл білімінің этнолингвистика, тіл арқылы ел тану, лингвомәдениеттану, когнитивтік лингвистика сияқты жаңа бағыттарына жол ашты. Аталған бағыттардың негізінде адамның тілі мен мәдениетінің өзара байланысы мәселесі жатыр. Тіл мен халықтың, оның мәдениетінің арасындағы тікелей байланыс халықтың рухынан, тілінен көрініс табады. Олай болса, тілді зерттегенде оны сол халықтың рухани байлығымен, мәдениетімен байланыстыра зерттеу қажет.

Тарихи даму барысында кейбір фраземалардың ішкі формасы қандай да бір себептермен жойылуы, жоғалуы да мүмкін. Мағыналық пен бейнеліктің жанаруы қайта жасалу үрдісін қарсы қоюға болады. Ол фраземалардың ішкі формасы мен экспресивтілігін жаңартуға себепші болады. Фразеологизмдердің бойында сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп ұрпақтан ұрпаққа мұра ретінде жеткен қоғамдық тәжірибенің, халықтық рухтық, және материалдық мәдениеттің көріністері сақталып бейнеленген. Сондықтан тілдің тұрақты тіркестеріне (мақал мәтел, фразеологизм т.б.) алғаш көңіл бөліп, олардың табиғатындағы халықтың, қоғамдық өмірдің салт- санасын, әдет – ғұрпын көре білетіндер тек тілші ғалымдар мен фольклористер ғана емес, сонымен қатар этнографтар да болды.

Ә. Болғанбаев атап көрсеткендей фразеологизмдерде екі қабатты мағына болады. Бірінші қабаттың ауыс мағынасы болса, екінші қабат та тура мағынаға ие (яғни еркін сөз тіркесінен құралып, мағынасыздану процесіне ұшыраған). Этнолингвистиканың қарастыратын мәселесі де сол екінші қабаттағы мағынаға байланысты. Мысалы: қазақта ала жібін аттамау- қиянат жасамау, сұғанақтық істемеу, арамдыққа бармау мәнінде айтады. Енді осы жерде «ала жіп» тіркесіне мән берсек, қазақ халқының ұғымында ала жіп өте киелі, жас баланың тұсауын да ала жіппен кесіп, оған сәтті қадам тілеп, ниет білдірген. Енді сол ала жіптен аттамау өте мәнді де терең түсінік танымнан туған, халықтың әдет- ғұрпы мен таным- сенімен байланысып жатқан тіркес. Бұл тіркестің қазіргі мағынасы нақты құндылығын жоймаған.

Қазақ тіліндегі әдеби тіл негізінде көптеген фразеологизмдер ұлы Абайдың шығармаларынан туған, олар халыққа өте түсінікті, мағынасы жағынан жалпы халықтық әдеби тілде қалыптасып кеткен фразеологизмдер тәріздес. Абай тіліндегі фразеологизмді жалпы халықтық тілден, сонымен бірге өзіне дейінгі ауызша әдеби тілден алып қолданған және ақынның өзі жасаған тіркестері деп бөліп қараған абзал. Ғасырлар бойы сұрыпталып, тұрақталған тіркестерді пайдалану жалғыз Абайдың емес, әрбір қаламгердің әдісі, бірақ, мұнда әр ақын-жазушының фразеологизмдерді таңдауы, құбылтуы, қолдану орны, жиілігі т. б. жағынан өзіне тән қолтаңбасы көрінеді. Абай заманында бірқатар фразеологизмдер әлеуметтік жаңа қарым-қатынас, жаңа құбылыстарға байланысты туған қолданыстар болатын. Мысалы , «шенді шекпен кию, басына іс түсу, ат мініп, ақша ұстау, жер аудару, жалға жүру, закон сұрау» деген тіркестер қазақ даласына келген жаңа әлеуметтік немесе экономикалық қарым-қатынастарға қатысты пайда болған, XIX ғасырдың II жартысының туындылары.

Абай бұрынғы фразеологизмдерді өзгертіп қолданғанда, екі түрлі әдіске жүгінеді: бірі –тұрақты тіркестің құрамындағы сөздердің бір-екеуін өзге сөздермен (көбінесе, синонимдерімен) ауыстырып қолдану. Мысалы, «ант бұзу» дегенді ант шайқау, ақылы кірдіні, ақылға ену, ар-ұяттан безуді ардан кету, ауызға сөз түспеді, тілге сөз түспеді деп құбылту немесе өтірікті жүндей сабауды өтірікті судай ағызудың орнына өзгертіп құру – Абай тіліне тән. Бұл тәсіл Абайда жүйеге айналған. Байырғы фразеологизмдерді өзгертуде екінші қолданған әдісі – тілде қалыптасқан тұрақты тіркестің идеясын алып, яғни, мағынасын қуалап, соның ізімен жаңасын жасау. Мысалы, Абай заманына дейін де қазақ тұрмысында көліктің майын, аттың майын пайдалану (сұрау, беру) деген тіркестер болған. Осылардың идеясын (мағынасын) алып, ақын көздің майы, сөздің майын аямау деген тіркестер құрады. Көліктің немесе аттың майы дегенде, «аттың күші» деген ұғым беретін болса, кездің майы, сөздің майы дегендерде де Абай осы идеяны пайдаланады: көздің майын

ағызу – көздің күші жасында болса, соны төгіп, «қалқаға сөз айту», сөздің майын аямау – сөз беретін күш-құдіретті аямай, барын айту. Пысық адамды әдетте еті тірі кісі дейді, осы мағынаны пайдаланып, Абай көңілі тірі деген тіркес жасайды. Жақын тарту, іш тарту деген кәнігі фразеологизмдерді тарту сөзінің мағынасына иек артып, қайратсыз тарту, ыстық тарту, салбыраңқы тарту деген жаңа тіркестер ұсынады. Пайдасы тию, зияны тию дегендердің үлгісімен панасы тию, еңбегін жалдау, күшін жалдау дегендердің үлгісімен жан жалдау сияқты соны тіркестерді дүниеге келтіреді. Абай тілінде осылар сияқты ондаған жаңа фразеологизмдер, бір жағынан, тың образдау жасап, поэтикалық құралдарға айналып жатса, екінші жағынан, қазақ әдеби тілінің, оның ішінде өлең тілінің фразеологиялық құрамын байытып, жаңа түрлерін қосты.[1]

Ағылшын тіліндегі фразеологизмдердің шығу төркінін зерттеу барысында бірнеше тұрақты сөз тіркестерінің этнолингвистикалық сипатын қарастырсақ болады. ‘Bring home the bacon’(earn a living) - «мал табу», «мал жинау» деген мағынаны білдіреді. (Bacon)- сиыр еті. Бұл тұрақты тіркес жүздеген жылдар бұрын белгілі болса да, қағаз бетіне 1900 жылы түсірілген. Ерте кезде жұмысшы таптар тапқан таянғандарына сиыр етін алатын болған. Себебі сиыр еті басқа мал еттерімен салыстырғанда қол жетімді әрі кенеулі тамақ болатын. Уақыт өте келе олар күнделікті ауызекі сөйлеуде сиыр етін басқа да тұрмыстық қажеттіліктеріне теңеген. Ал, ол қажеттіліктерін жұмыс жасап, ақша табу арқылы өтеген.

‘A piece of cake’- (easy task)- wins (the prize)-оңай, жеңіл деген мағынаны білдіреді. Сөзбе сөз аудармасы бәліштің кішкене бөлігі. Ағылшын ауылдарында өтілетін сайыстарда жеңіске жеткен адамға бәліштің кішкене бір бөлігі сыйға берілетін болған. Ертеректе АҚШтың құл иеленуші мемлекеттерінде керуеннің айналасында жүрген немесе кештердегі әдемі жұпқа әрине, құлдарға бәліштің бөлшегін сыйға тартатын болған. Бұдан «бәліш жолы», «бәліш бөлшегі» (‘cake walk’, ‘a piece of cake’) деген сөз шыққан, яғни мағынасы «оңай жасалынатын жұмыс», «жеңіске жеңіл қол жеткізуге болатын сайыс» деген түсінікпен сәйкес келеді. Сонымен мұнан шығатын қорытынды, құлдар еш ауыр жұмыс жасамай, жай ғана әдемі киінгендері үшін бәліш бөлігін сыйға алатын болған. ‘A piece of cake’- (easy task)- wins (the prize)-оңай, жеңіл сөзінің мағынасы осыдан шықса керек.

‘Blood is thicker than water’ - қаны бірдің жаны бір. Араб және библия жазуларында бұл тұрақты тіркес алыс және орта шығыс халықтарында қолданылған. Анатомиялық тұрғыдан қарағанда, адам денесінің көп пайызы судан құралғанымен, оның жүрегі толып тұрған қан. Сол себепті олар жүректі адамның өзі десе, қанды оның туыскандарына, суды достарына теңеген. Сайып келгенде, бұл сөздің мағынасы жүрекке қан жақын, ал адамға туған туысы жақын деген ұғымды береді.

‘To fight like Kilkenny cats’ (Килкени мысықтарындай айқасу) – өлімге бас тігіп қырқысу деген мағынада қолданылатын фразеологизмнің қалыптасуына XVII ғасырда Kilkenny және Irishtown қалалары арасындағы қантөгістің аяғы екі қаланың да қирап бітуіне әкелген тарихи уақиға негіз болған.

Қос тілдегі фразеологизмдерді саралау барысында олардың әр халықтың ата-баба өмірінің әр-кезеңдерін, әр түрлі құбылыстар мен оқиғаларын жан-жақты сипаттап, бүгінде қалыптасуын тарихи мұра деп санаймыз. Өйткені бұлар тек тіл байлығы емес, әр ұлттың ғасырлар бойы бойына жинаған рухани өмірінің айғағы, әр дәуірден жас ұрпаққа ауысып, адамзаттың қоғамның дамып өрбуіне үлесін қосады. Ендеше, ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің ерте замандағы шығуы мен бүгінгі кездегі қалыптасуының қыр-сырларын сипаттайтын – этнолингвистиканың көмегі зор. Этнолингвистика үшін ең қиын мәселе – фразеологизмдердің ауыспалы мағынада қолдану себептерін түсіндіру болып табылады – дейді ғалым Ә.Т.Қайдаров[2]. Фразеологизмдердің қалыптасуы қандай да бір сюжетке немесе мәдени дерекке байланысты, еркін сөз тіркестердің фразеологизмдерге ауысуы фразеологизмдердің қалыптасуының негізі болып табылады.

Тілі, ділі, мәдениеті, дүниетанымдық көзқарасы әр түрлі ағылшын және қазақ халықтарының фразеологизмдерін жан-жақты, құрылым, аялық білім, жалғаса туындаған ауыспалы мағына, концепт, лингвомәдени тұрғысынан зерттеу нәтижесінде тіл-тілге тән

ортақ заңдылықтар, жалпыхалықтық рухани дүниелер, ұлттарға тән танымдық ерекшеліктер т.б. жөнінде бірқатар жаңа мағлұматтарға қол жеткізілді.

Ағылшын және қазақ тілдері фразеологизмдерді тақырыптық тұрғыдан топтастырғанда теңеу образы ретінде келетін екі тілдегі атаулардың кездесу жиілігі мен арақатынасында айырмашылықтар бары анықталды.

Фразеологизмдердің ұлттық белгісі олардың мағыналық ерекшеліктерінен айқын көрініс табады, себебі кез келген халықтың бүкіл мәдени және психологиялық күрделі кешенін оның қайталанбас ойлау тәсілін жинақтайды. Бұл әр тілдің түрлі бейнелерге сүйенетіндігімен, мағынасы ортақ болғанымен, негізінде жатқан бейненің әр тілде өзіндік бояуы болуымен анықталады. Дегенмен екі тілге ортақ бейнелерге ие фразеологизмдердің кездесетіні байқалады. Бұл құбылыс қазақ және ағылшын халықтарының дүниетанымдағы кейбір түсінік ұқсастығын дәлелдейді.

Қолданылған әдебиет

1. Абай. Энциклопедия. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, – Алматы: Атамұра
2. Ә. Т. Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері»– Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.
3. Лингвистический энциклопедический словарь. 560-б.
4. Ә. Болғанбайұлы, Ғ. Қалиев «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» – Алматы: Санат, 1997. – 255 б.
5. В. Ю. Франк Орысша-қазақша-ағылшынша пәндік тақырыптық сөздік. – Алматы, 2004.–2006.
6. 3500 английских фразеологизмов и устойчивых словосочетаний. П. П. Литвинов. АСТ, Астрель. М.: –2007 г. 201-205 б.

ӘОЖ 81’373.8=111=531.169.

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ ТЕҢЕУЛЕР ЖӘНЕ АУДАРУДАҒЫ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аяз Назым Нұрғалиқызы

nazym-taraz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Аударма ісі тобының 4-курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – С.Сәтенова

Тілді ұлттың тарихымен, мәдениетімен, рухани қазынасымен, яғни дүниетанымымен тығыз қарым-қатынаста, бірлікте алып қарастырылған жағдайда ғана ұлттық тілдің табиғатын шынайы танып білуге жол ашылады. Ұлт мәдениетінің қай түрінде болмасын, онда сол ұлттың бүкіл таным болмысы мен тұрмыс-тіршілік суреті сақталған. Белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады, себебі бұл тілдік бірліктер белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Соңғы жылдары тіл білімінде қазақ тілін генетикалық және типологиялық жағынан туыстығы жоқ тілдермен салыстыра-салғастыра зерттеу мәселесі кеңінен өріс алып келеді. Қазақ тілі мен орыс тілін салғастыра зерттеуге арналған еңбектер құрылымы әр түрлі тілдерді салыстыра-салғастыра зерттеудің үлгісі бола алады. Тіл білімінде кейінгі жылдары зерттеліп келе жатқан саланың бірі - қазақ және герман тілдерінің фразеологизмдерін тіл біліміндегі жаңа бағыттардың ұстанымдарына сүйене отырып зерттеу болып отыр. Түркі-герман, оның ішінде, қазақ және ағылшын тілдерін салыстыра-салғастыра зерттеу кейінгі уақытта ғана қолға алына бастағандықтан, әлі де болса шешімін таппаған талай мәселелер,